

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Кеңсай ауылдық округінің Саржыра ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 тамыздағы № 6 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 наурызда № 5504 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 16 ұсынысы негізінде, Кеңсай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданының Кеңсай ауылдық округіндегі Саржыра ауылында шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 тамыздағы № 6 "Кеңсай ауылдық округінің Саржыра ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5172 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Кеңсай ауылдық округінің әкімі

Р. Тауасаров